

**Қаржылық лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына кейіннен беру үшін лизинг беруші қаражаты есебінен медициналық техниканы сатып алу бойынша екі кезенді тендер өткізілетіні туралы (1 лот: С-дуга «ZEN 5000» түріндегі мобильді сандық рентгенографиялық жүйе) хабарландыру**

«СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Бірыңғай дистрибьютор) мына мекен жайда орналасқан: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» БО, банктік деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСН 090340007747, ЖСК KZ456010111000045697, БСК HSBKZKX Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 қаулысымен бекітілген, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Қағидаларына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес Қаржылық лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына кейіннен беру үшін лизинг беруші қаражаты есебінен медициналық техниканы сатып алу бойынша екі кезенді тендер өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қағиданың 4-тарауына сәйкес сатып алынатын медициналық техниканың атауы, саны, мерзімі, шарттар мен жеткізу орны, бағасы мен әр лот бойынша сатып алуға бөлінген сомасы, төлем шарттары, оның атауын, үлгісін, медициналық техниканың шығу жерін және өндірушінің атауын көрсете отырып, техникалық ерекшелігі (техникалық сипаттамасы) осы хабарландырудың №1-қосымшасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютордың [www.sk-pharmacy.kz](http://www.sk-pharmacy.kz) интернет-ресурсында орналастырылған кестеде көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші және тендерлік өтінім рәсімделуі және мазмұны бойынша Қағиданың 3, 4-тарауларының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Екі кезенді тендерге қатысу үшін конверттерге салынып жабылған қазақ не орыс тілдеріндегі өтінімдер әлеуетті өнім беруші 2018 жылғы 23 тамызда сағат 10:00-ге дейін, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көш., 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 13-қабат, сол қанаты мекенжайы бойынша, сатып алу бөліміне ұсынады.

Өтінімдер салынған конверттер 2018 жылғы 23 тамызда сағат 11:00-де Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 15-қабат, конференция-залында ашылады.

Әлеуетті өнім берушілер қаржылық лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына кейіннен беру үшін лизинг беруші қаражаты есебінен медициналық техниканы сатып алу бойынша (1 лот: С-дуга «ZEN 5000» түріндегі мобильді сандық рентгенографиялық жүйе) екі кезенді тендерге қатысу үшін Бірыңғай дистрибьюторының банк реквизиттеріне медициналық техниканы сатып алуға бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде тендерлік өтінімге кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді. Тендерлік өтінімнің кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

Бірыңғай дистрибьютор Ереженің 204-тармағына сәйкес тендерлік құжаттаманы әзірлемейді.

Әлеуетті өнім берушілер тендерлік өтінімді Қағидаларға сәйкес қалыптастырады. Әлеуетті өнім берушілер Қағидаға және «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуға қатысу үшін құжаттардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы №20 бұйрығына сәйкес қаржылық лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына кейіннен беру үшін лизинг беруші қаражаты есебінен медициналық техниканы сатып алу бойынша

(1 лот: С-дуга «ZEN 5000» түріндегі мобильді сандық рентгенографиялық жүйе) екі кезеңді тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімді дайындайды және ұсынады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы 2018 жылғы 22 тамыз күнін қоса алғанда сағат 18:30-ға дейін мына мекен жай бойынша алуға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 13-қабат, сол қанаты, сатып алу бөлімі, немесе мына телефон арқылы: + 7 (7172) 55-92-46.